

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар

I. Жалпы ережелер

1. Осы ұсыным Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық пәндік олимпиаданы (бұдан әрі - республикалық олимпиада) ұйымдастыруды және өткізуді реттейді.

2. Олимпиада болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін дамытуды анықтау мақсатында Республикалық студенттік олимпиадалар шеңберінде өткізіледі және талантты студент жастарды қолдау факторларының бірі болып табылады, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуға команда қалыптастыру үшін.

3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;
- 2) студенттердің кәсіби-жеке әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі растау үшін жағдайлар жасау;
- 3) студенттердің азаматтық ұстанымын тәрбиелеу;
- 4) ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- 5) білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру.

II. Республикалық олимпиаданы өткізу тәртібі

4. Республикалық олимпиада 2 кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең-ЖОО ішіндегі;
- 2) екінші кезең - базалық жоғары оқу орындарында.

5. Олимпиаданың I кезеңіне жоғары білім берудің басым бағыттары мен мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

6. ЖОО ректоры (проректоры) олардың құрамына жетекші ғылыми ұйымдардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін қоса алғанда, олимпиаданың тиісті бөлімдері бойынша конкурстық комиссиялар ұйымдастырады.

7. Олимпиаданың (ЖОО ішіндегі) I кезеңінің қорытындысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілетін ЖОО-ның конкурстық комиссиясы Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО-ның үздік студенттерін конкурстық негізде іріктейді және базалық ЖОО-ға жібереді.

8. Республикалық олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін студенттерді ұсынған кезде жоғары оқу орны базалық ЖОО ға мынадай құжаттарды жібереді:

- 1) олимпиаданың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе хаттамамен ресімделетін ЖОО

Ғылыми кеңесінің шешімі.

9. Базалық жоғары оқу орындарында олимпиаданы өткізу мерзімі - ақпаннан сәуірге дейін.

III. Республикалық олимпиаданың қорытындысын шығару тәртібі

10. Базалық ЖОО ның конкурстық комиссиясы жүлдегерлерді марапаттауға мынадай тәртіппен ұсынады:

1 орын үшін-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломымен (бір студенттен артық емес);

2 орын үшін-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің II дәрежелі дипломдарымен (екі студенттен артық емес);

3 орын үшін-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломдарымен (үш студенттен артық емес).

11. Олимпиаданың II кезеңінің жеңімпаздарын айқындау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі оның барлық мүшелерінің қолы қойылған тиісті хаттамамен (әрбір мамандық бойынша жеке) ресімделеді.

12. Республикалық олимпиада өткізілетін базалық ЖОО конкурстан тыс қатысады («Өнер» тобы бойынша мамандықтарды қоспағанда).

13. Мамандық бойынша келесі Республикалық олимпиада студенті тиісті мамандық бойынша бірінші орын алған ЖОО базасында өткізіледі.

IV. Республикалық олимпиада жеңімпаздарын марапаттау тәртібі

14. 1, 2, 3 орын алған республикалық олимпиаданың жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

15. Жоғары оқу орнының басшылығына ЖОО қаражаты есебінен олимпиаданың жеңімпаз студенттерін көтермелеу ұсынылады.